

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің арнайы мекемелерінде, қамауда ұстау орындарында және Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде көбінесе жыныстық жолмен жұғатын жұқпалы аурулармен ауыратын тұлғаларды тексеру және емдеуді ұйымдастыру, алдын алу Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 07 желтоқсандағы N 863 Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 6 желтоқсандағы N 141 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2001 жылғы 10 желтоқсандағы N 1123 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 29 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 1713. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 24 наурыздағы N 186, ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 28 наурыздағы N 97, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 178 Бірлескен бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Тергеу изоляторларын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінен Әділет министрлігінің қарамағына беруге байланысты, БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің арнайы мекемелерінде, қамауда ұстау орындарында және Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде көбінесе жыныстық жолмен жұғатын жұқпалы аурулармен ауыратын тұлғаларды тексеру мен емдеуді ұйымдастыру, алдын алу ережелерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде N 1713 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 7 желтоқсандағы N 863, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 6 желтоқсандағы N 141, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2001 жылғы 10 желтоқсандағы N 1123 бірлескен бұйрығының күші жойылды деп саналсын...

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ішкі істер министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Денсаулық сақтау министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Әділет министрі

"Қазақстан Республикасындағы азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Z970111_ Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңын, "Халық денсаулығы" U984153_ мемлекеттік бағдарламасын және жыныс жолымен жұғатын жұқпалы ауруларды бақылау және алдын алу бағдарламасын, 1999-2000 жылға орындау үшін, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің Z970208_ 97-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса беріліп отырған Ішкіісминінің қамауда ұстау орындарында, арнайы мекемелерінде және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын көбінесе жыныстық жолмен жұғатын жұқпалы аурулармен ауыратын адамдарды (бұдан әрі - КЖЖЖЖА) тексеру мен емдеуді және ол аурулардың алдын алуды ұйымдастыру Ережесі б е к і т і л с і н .

2. Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне, Қамауда ұстау орындары департаментіне (М.М. Баймұхамбетов), Қоғамдық қауіпсіздік департаментіне (Г.С. Алпысбаев), Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Медициналық басқармасына (Б.Х. Әлібеков) қамтамасыздық етсін:

1) Ішкіісминінің тергеу изоляторларында және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын азаматтарды, КЖЖЖЖА затына науқастарды айқындаумен емдеуді ұ й ы м д а с т ы р у ;

2) Ішкіісминінің уақытша ұстау изоляторында, қабылдау-тарату орындарында , кәмелетке толмағандарды бейімдеу ақтау және уақытша оқшаулау Орталықтарында, азаматтарды КЖЖЖЖА затына айқындауды ұйымдастыру;

3) эпидемияға қарсы қажетті іс-шаралар өткізуді.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық мемлекеттік коммуналды кәсіпорын Тері-венерология ғылыми-зерттеу институтына, Астана және Алматы қалалары мен облыстардағы денсаулық сақтау басқармалары (департаменттері) бастықтарына:

1) Ішкіісминінің тергеу изоляторларында, қабылдау-тарату орындарында, уақытша ұстау изоляциясындағы кәмелетке толмағандарды оқшаулау бейімдеу және ақтау Орталықтарында уақытша ұстау изоляторында және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын тұлғаларды, көбінесе жыныстық жолмен жұғатын жұқпалы аурулар затына, айқындау үшін тегін диагностикалық зерттеулерді жүргізуін қамтамасыз е т с і н ;

2) Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің және Әділет министрлігінің медициналық мекемелеріне КЖЖЖЖА ауыратын науқастардың диагнозын қоюда, емдеуде және оның алдын алудағы мәселесіне, әдістемелік және кеңес беру көмектерін көрсетуді ұйымдастыру;

3) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен Ішкі істер министрінің медицина қызметкерлерінің көбінесе жыныстық жолмен жұғатын жұқпалы аурулармен айналысатын проблемасын, арттыру біліктілігін ұйымдастыруға мүмкіндік жасау

4. Бұйрық 2002 жылғы 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің және Ішкі істер министрінің 2000 жылғы 5 қазанында бекітілген "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде көбінесе жыныстық жолмен жұғатын жұқпалы аурулардың алдын алу арнайы шаралары туралы" V001316_ қоса бұйрығы 2002 жылдың 1 қаңтарынан күші жойылады деп е с е п т е л е д і .

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер вице-Министрі ішкі қызмет генерал-майоры Н.А. Власовқа, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-Министрі А.Т. Айдархановқа және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасына жүктелсін.

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрі

Әділет министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Денсаулық сақтау министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т М и н и с т р і м е н

2001 жылғы 06 желтоқсандағы N 141

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Денсаулық сақтау Министрімен

2001 жылғы 10 желтоқсандағы N 1123

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і і с т е р М и н и с т р і м е н

2001 жылғы 07 желтоқсандағы N 863

Қоса біріккен бұйрығымен бекітілген

Қамауда ұстау орындары, Ішкі істер министрінің арнайы

мекемелерінде және Қазақстан Республикасы

Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі

мекемелерінде ұсталатын көбінесе жыныстық

жолмен жұғатын жұқпалы аурулармен ауыратын

адамдарды тексеру мен емдеуді және ол

аурулардың алдын алуды ұйымдастыру

ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Қамауда ұстау орындарына (уақытша ұстау изоляторы, тергеу изоляторлары), Ішкіісминінің арнайы мекемелеріне (қабылдау-тарату, Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және ақтау Орталықтары) келіп түскен кезде көбінесе жыныстық жолмен жұғатын жұқпалы ауруларының (бұдан әрі - КЖЖЖЖА) бар-жоғын анықтау үшін әрбір тұлға тексеруден өткізілуі тиіс. КЖЖЖЖА бар деген күдікті тұлғаның ауру немесе сау екендігін растау үшін оны міндетті түрде дерматовенеролог-дәрігер қарауы керек. Тері-жыныс ауруы диагнозының дәлелі, сезікті, айыпталушы, сотталушы мен сотталғанның - медициналық амбулаторлық картасына жазылады.

КЖЖЖЖА тексеру уақытша оқшаулау Орталықтарында ұсталатын, кәмелетке толмағандарды бейімдеу және оңалтуды тексеру, азаматтардың денсаулығын сақтау саласы Қазақстан Республикасы Орталық атқарушы органының уәкілетінің актілеріне сәйкес жүргізіледі.

Егер де КЖЖЖЖА-ның диагнозы Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің арнайы мекемелерінде және уақытша ұстау изоляторындағы тұлғада табылса, әкімшіліктің шешуімен тез арада аумақтық денсаулық сақтау мекемелерінде Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген есеп жолымен е м д е л е д і .

2. Бақылау вассерманизациясы барлық ТИ-ге және Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің арнайы мекемелеріне келіп түскен барлық контингент 3 айдан кейін мерезді анықтаудағы міндетті түрдегі серологиялық зерттеуден өткізіледі. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің К970167_ 115, 116, 120, 121, 122, 123, 124-баптары бойынша жауаптылыққа тартылатын адамдар, сондай-ақ барлық әйелдер мен жасөспірімдер созды анықтаудағы міндетті түрдегі клиникалық-зертханалық зерттеуден өткізіледі. Контингенттің көбінесе жыныстық жолмен жұғатын жұқпалы ауруларымен ауырғанда тексеру бойынша КЖЖЖЖА ауруына оң реакциясы бар стационар ауруларды жүргізу тәртібі туралы N 695 V011630_ 2001 жылғы 27 шілдеде Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттіктің төрағасы бұйрығымен бекітілген Нұсқаулықтың 3 тармақтың 4 тармақшасына сәйкес уақытша ұстау изоляторларында, қабылдау-тарату орындарындағы контингент және сотталғандар преципитация микрореакцияны қолдануымен 1 жылда 2 рет тексеруге жатады.

3. Туа біткен мерездің алдын алу мақсатында ТИ-де және түзеу мекемелеріндегі (бұдан әрі - ТМ) барлық жүкті әйелдерге, азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы Орталық атқарушы органының құқықтық нормативтік кесімдеріне сәйкес міндетті түрдегі серологиялық зерттеулер ж ү р г і з і л е д і .

4. Егер де зерттелуші тұлғаның анамнезін алу кезінде қылмыстық жауаптылыққа тартылғанға дейін оның КЖЖЖЖА бойынша емделгені

анықталса немесе тері-венерологиялық диспансерде есепте (серобақылауда) тұрса, қамауда ұстау орындарының медициналық бөлімі үш күндік мерзімде көрсетілген мекемеге диагнозын, қолданылған емдеу шаралары мен серобақылаудың мерзімдері туралы сұрау салады. Мұндай ауруларды одан әрі емдеуді немесе серобақылауды қамауда ұстау орындарының медициналық бөлімі алынған жауаптарға сәйкес жүргізеді.

5. КЖЖЖЖА-ның қорытынды диагнозы анықталғаннан кейін ауру адаммен аурудың сипаты, оны емдеудің қажеттілігі, жүріс-тұрыс ережелері, емдеу және бақылау мерзімдері, тері-жыныс ауруымен ауыратын тұлғаның жауапкершілігі туралы әңгіме өткізіледі. Қарсы көрсетулер болмаған жағдайда ауру адамдар, азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы Орталық атқарушы органының құқықтық нормативтік кесімдеріне сәйкес дереу емделеді. Тері-жыныс ауруларына душар болған тұлғалар ауру диагнозын анықтау сәтінен бастап, емдеу мен бақылаудың барлық мерзімінде, есептен шығарылғанға дейін ауру адамдар болып есептеледі.

6. Егер де КЖЖЖЖА-ның диагнозы алғаш рет ТИ-де анықталған болса, медициналық бөлім ауру адамның қамауға алынғанға дейінгі тұрғылықты жеріндегі тері-венерологиялық диспансерге шұғыл хабарлама жібереді.

7. КЖЖЖЖА-мен ауыратын адамның қамауда ұстау орындарынан ТМ-ға кетуінен бұрын дерматовенеролог-дәрігер немесе терапевт дәрігер, сезікті, айыпталушы, сотталушы және сотталғанның медициналық амбулаторлық картасында одан әрі емдеу және бақылау нұсқаулары болатын этаптық эпикриз түріндегі жазбалар жасайды.

8. Мerez бен создың жұқпалы түрлерімен ауыратын тұлғаларды (оларға мерезге қарсы емдеудің бастапқы курсы немесе созға қарсы емдеудің толық курсы жүргізілгенге дейін) бір мекемеден басқа мекемеге ауыстыруға тыйым салынады. Мerez ауруларын дерматовенеролог дәрігердің рұқсаты бойынша емдеу курстарының арасындағы үзілістерде ауыстыруға жол беріледі.

9. ТМ-ға келіп түскеннен кейін КЖЖЖЖА одан әрі емдеу мен серологиялық бақылаудан өткізілу үшін диспансерлік есепке алынады.

10. Ұзақ мерзімді кездесулер алған және түзеу колония-қоныстарынан қайта оралған сотталғандар ТМ-ның медициналық бөлімдеріндегі мерезді анықтаудағы міндетті түрдегі серологиялық зерттеулерден өткізіледі.

11. Сотталған адамның ұзақ мерзімді кездесулер кезінде КЖЖЖЖА-ны жұқтыру фактісі анықталған кезде ТМ-ның медициналық бөлімі тері-венерологиялық диспансерге жұқтырушы деп шамалаған адамды венерологиялық ауруын анықтаудағы зерттеуге тарту туралы тапсырма жолдайды.

12. Қамауда ұстау орындарынан және түзеу мекемелерінен босатылатын және

КЖЖЖЖА бойынша диспансерлік есептен шығарылмаған ауруларға қатысты қамауда ұстау орындарының және түзеу мекемелерінің медициналық бөлімі олардың босатылуына бір ай қалғанда, таңдап алған тұрғылықты жеріндегі тері-венерологиялық диспансерге шұғыл хабарлама жібереді. Бұл ретте аурудың диагнозы, қолданылған емдеу шаралары мен серобақылаудың мерзімдері көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК